

ӘОЖ 82

Фазылова, А.А.

математика магистрі, физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ

Нұрмагамбетова, А.Қ.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, «Қараман орта мектебі» ММ, Қостанай, Қазақстан

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Түйін

Мақала ұлы ғалым-ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған. Ғалымның философиялық дүниетанымына ерекше назар аударылады. Авторлар музыка, әдебиет саласындағы еңбектерді зерттеді.

Кілт сөздер: Әбу Насыр әл-Фараби, философия, ғылым, зерттеу, еңбектері, ғылыми музыка, шығармалар, ұстаз, астрономия.

2020 жылы «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтеді. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб (қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қала) қаласында дүниеге келді. Әбу Насыр оқуды өте ерте бастаған. Бастапқы білімді ол туған қаласы Отырарда алып, одан соң Хорасанға барады. Өзінің туған жерінен алыста білім ошақтары бар екенін білгеннен кейін, жас ізденімпаз туған жерінен алыс сапарға аттанады. Кәсіби философия мен ғылымның қиын да қызық соқпағына түседі. Оны мына өлең шумағынан байқауға болады:

«Кешір мені, туған жер,
Сені артқа тастадым.
Кешір мені, туған ел,
Жолды алыс бастадым.
Кешірет мені ұлыс-ұрпағым,
Бақ, байлық, даңқ таппадым.
Кешірет мені, ар-ожданым,

Білім болды баққаным», – дейді жасөспірім әл-Фараби. Білімге деген құштарлық пен шынайы сүйіспеншілік дүниедегі барлық қиындықтарды жеңуіне жас жігіттің тағдырында негіз болады, арманына қанат бітіреді. Білімін онан сайын толықтыру мақсатында араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа келеді. Бағдат – әл-Фараби үшін ұлы шаһарға айналған халифаттың мәдени-саяси және философиялық орталығы болатын. Бұл шаһарда ғалым кәсіби философияны игерді. Вюстенфелдтің пікірінше, әл-Фараби осы шаһарда ғалым ретінде қалыптасты.

Бағдат шаһары туралы ол өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде жазды. Неміс шығыстанушылары өз еңбектерінде Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл трактатына көп мән берген. Неліктен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» жиі түсіндірілген деген сұраққа жауап іздегенде, біз, Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл шығармасы неміс философиясындағы этикалық мәселелер арнасында өз орнын табатынын ұғынамыз. Сондықтан, қайырымды, ізгілікті адамның өнегелі қалыптасуындағы этикалық бастау мен философияның маңызы жайында әл-Фараби көтерген мәселе, оның замандастары үшін де көкейкесті болған [1].

Фараби – ғылымды көбінесе өз бетінше оқумен меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан зор табыстарға жеткен адам. Ол әсіресе, грек ғылымы мен философиясын терең меңгерген. Ең әуелі Аристотельдің бай мұрасын игеруді қолға алған. Мұнда ол аса үлкен шыдамдылық пен ыждаһаттылық көрсетіп, бір аңыз бойынша ол Аристотельдің «Жан туралы» дейтін еңбегін жүз рет, «Табиғи гармониясын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет оқыған көрінеді.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып философия мен ғылымның барлық тараулары бойынша қалам тартып, аса ірі жетістіктерге жетеді. Ол ғылымның түрлі салалары бойынша 150-ге тарта ірілі-ұсақты еңбек жазған. Оның философиялық еңбектерінің басым көпшілігі грек ойшылдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Фараби Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменфтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», тағы басқа философиялық және логикалық шығармаларына түсініктемелер жазған.

Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасының тарихи мәні санмен ғана емес, философия, логика, этика, эстетика, жаратылыстануға қатысты пайымдауларының кейінгі Шығыс пен Батыстың ғылыми ойының дамуына қатты ықпал еткендігімен де ерекшеленеді. Ұлы ойшыл антиканың мол мұрасын, әсіресе, көне гректің Платон мен Аристотель секілді классик ойшылдарының философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізумен қатар, ислам мен антиканың идеяларына синтез жасауды іске асырды. Ол өз заманының рухани шамшырағы болды [1].

Фараби ақиқат біреу-ақ, бірақ оған әр жақтан, әр түрлі деңгейден қарауға болады, сондықтан ол туралы түрліше балама қорытындылар жасау мүмкін деп санады. Оның философиялық көзқарасын нақтылы тарихи жағдайда, белгілі бір дәуірмен байланысты қарағанда ғана ерекшеліктері мен сонылығын дұрыс түсінуге болады. Араб тарихшысы Усейбидің айтқанына қарағанда, «Фарабидің философиялық жүйесінде маңызы кейінірек барып біліне, анықтала бастаған бірден көзге түсе қоймайтын жерлері» көп, олар қазіргі заманғы терминология бойынша айтсақ, материалистік нышанды немесе идеализм мен материализм арасындағы ауытқуды білдіреді. Фарабидің философиялық жүйесі ортағасырлар философиясындағы барлық проблемаларды қамтиды деп айтсақ артық болмайды [2].

Фарабидің көзқарасы бойынша жанның мәңгілігін бір адам үшін емес, жалпы адамзатқа тән қабілет ретінде қарастырады. Бұл жағдайда ол жақсы адамның артында қалдырған ісінің, ізінің өшпегені, оның жанының өмір сүргені деген қағида айтады. «Ұлы Зенонның жоғары ғылым бойынша трактаты туралы» еңбегінде ол дүниедегі өмір туралы былай деп жазады: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қаракет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік күйттеу ғылымға кесірін абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді, о дүниелік өмірде дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса – ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болып жұғады (Тарихи-философиялық трактаттар) [2]. Бір қызығы бұл проблеманы шешуде Абай да Фараби пікіріне жақын келетін философиялық көзқараста болған.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айырылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Фараби тек ғалымдығымен ұлы емес, ол – көп қырлы ғұлама, өнерпаз, ақын. Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей үлес қосқан, аса ірі жаңалық ашқан

ғалымдарды табу қиын. Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғалымдар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен.

Алдымен ақын, сосын музыкант, ақырында дүние жүзіне философ ретінде танылған әл-Фарабидің астрономия, математика, сәулет, механика, физика, оптика салаларында құнды еңбектері мол. Табиғат танудағы басты еңбегі – «Табиғат тағылымы» деп аталады. Фараби «Философияны үйрену үшін оның алдында не білу керек?» деген мақаласында: «Ол үшін тәрбиелік ғылымның төрт тарауын бірдей жақсы білу керек. Олар: астрономия, арифметика, геометрия, музыка», – дейді. Бұл ғылымдарды ұлы данышпанның бірдей меңгергеніне ғылыми еңбектері дәлел бола алады. Мысалы, «Музыка туралы үлкен кітабы» еңбегінде музыкалық ноталар арасын арифметикамен есептейді де, олардың өрнегін геометриялық сызықтармен белгілейді.

Әл-Фараби «Музыка туралы үлкен кітабында» араб саздарының диатоникалық табиғаты туралы айтып, сол арқылы араб әуенінің ерекшелігін ашады. Ғалым музыканы зерттеуге терең теоретик ретінде кіріседі. «Музыка туралы үлкен кітабы» музыканың онтологиялық мағынасын анықтауға арналған. Музыканың не нәрсе екендігі туралы оның сауалы қоғамдағы музыкалық-эстетикалық мәселені көтеріп, әрбір жеке адамның болмысындағы маңыздылығын анықтайды. Әл-Фараби музыка құбылысын пайымдауда әдіснамалық тұрғының дәйектелуі маңызды мәселе екендігін атап көрсетеді. Музыканы адамның субъективті қызметінің ерекше саласы ретінде қарастыра отырып, ойшыл музыкалық шығармашылықты маңызды мәселелердің қатарында санайды [3].

Әбу-Насыр әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған ғалым. Ғалымның өлең құрылысын зерттеуге арналған «Өлең және ұйқас туралы сөз» деген шығармасы болған. Бұл шығарманы әл-Фарабидің дәуірінде және кейінірек өмір сүрген бірқатар әдебиетшілер «поэзия табиғатын зерттеуде теңдесі жоқ туынды» деп өте жоғары бағалаған. Өкінішке орай ғалымның бұл шығармасы әзірше табылған жоқ.

Әл-Фарабидің «Өлең кітабы» – көлемі жағынан шағын ғана туынды. Ғалым бұл еңбегінде сөз өнеріне – өлеңнің композициялық құрылысына, шумағына, өлшеміне, ұйқасына, т.б. шолу жасай келіп, жырдың барлық компоненттері ақынның айтайын деп отырған ой жүйесіне лайық, орынды болу керек деген түйін жасайды. Жақсы өлеңде қашан да басы артық, оғаш тұрған шумақ, тармақ болмайтынын ескертеді. «Өлең кітабында» автордың айтпақ болған басты пікірі – өлеңнің ішкі мән-мағынасы мен сыртқы тұлғасы өзара қабысып, логикалық тұрғыдан үндесіп тұруы тиіс. Поэзиялық туындының әрбір буыны, бунағы, ұйқасы, үні, өлшемі, т.б. бір-бірімен үндесіп, дәлме-дәл келіп жатқанда ғана ол оқырманның ойынан шығады. Дарынды шайыр құдды шебер ұста секілді. Қарапайым сөздердің өзінен-ақ таңғажайып өрнектер жасайды.

Әл-Фараби – ортағасырлық ғылымдардың қай-қай саласында да үздік білімнің иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шыққан ғұлама-ойшыл. Философия мен логика, математика мен физика, музыка мен поэзия, грамматика мен азаматтық саясат. Әл-Фараби бабамыз меңгерген ғылымдар тізбегі осылай жалғасып кете барады. Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады.

Ұлы ұстаздың энциклопедиялық көл-көсір мұрасына бүгінгі күн биігінен үңілу – біздің өз ұлттық мұрамыз бен тарихымызды тереңдеп тани түсуімізге, рухани-адамгершілік бастауларымыздың баюына мүмкіндік береді.

Міне, сөйтіп, бір өзі көптеген санға бөлінген бір ғылым ордасы іспетті іс тындырған, өзінен кейін келетін ұрпаққа орасан зор ғылыми, философиялық-рухани мұра қалдырған әл-Фараби атамыз өмірдің сан қырлы саласынан хабардар болған, оған биік деңгейлі тұжырымдар жасай білген ғұлама ойшыл болды.

Әдебиеттер тізімі

1 Әл-Фараби мұрасы: қазақстандық философиялық зерттеулер. – «Лотос-Астана» баспасы. Б. 12-38.

2 «Қазақ тарихы» журналы. – 1995. – №1 – Б. 18-19.

3 Әбу Насыр әл-Фараби. 8-том. – «Лотос-Астана» баспасы. – Б. 25.

Материал редакцияға түсті: 10.03.2020

**ФАЗЫЛОВА, А.А., НҰРМАҒАМБЕТОВА, А.Қ.
ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ АБУ НАСЫР АЛЬ-ФАРАБИ**

Статья посвящена великому ученому-мыслителю Абу Насыр аль-Фараби особое внимание обращается на философское мировоззрение ученого. Авторами были изучены труды в сфере музыки, литературы, рассмотренные мыслителем работы иностранных ученых.

Ключевые слова: Абу Насыр аль-Фараби, философия, наука, исследования, труды, научная музыка, произведения, учитель, астрономия.

**FAZYLOVA, A.A., NURMAGAMBETOVA, A.K.
SPIRITUAL HERITAGE OF ABU NASYR AL-FARABI**

The article is devoted to the great scientist-thinker Abu Nasir al-Farabi. Special attention is paid to the philosophical Outlook of the scientist. The authors studied works in the field of music, literature and the works of foreign scientists considered by the thinker.

Key words: Abu Nasir al-Farabi, philosophy, science, research, works, scientific music, works, teacher, astronomy.